

Жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 13 қаңтардағы № 5 қаулысы . Қостанай облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 14 қаңтарда № 9717 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17, 69-баптарына сәйкес Жітіқара ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі" мемлекеттік мекемесіне " Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" (әуе желісі - 500 киловольт Жітіқара - Өлке) объектісі бойынша өңіраралық электр таратудың желісін жүргізу мен пайдалану мақсатында Жітіқара ауданы Пригородный ауылының аумағында орналасқан жалпы алаңы 0,1820 гектар және Жітіқара ауданы Тоқтаров ауылдық округінің аумағында орналасқан жалпы алаңы 2,4547 гектар жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес "Жітіқара ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі қамтамасыз етсін:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Жітіқара ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жітіқара ауданының әкімі

А. Ибраев